

Бір адамға есептегенде тұрмыстық қатты қалдықтардың жинақталу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1/174 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 28 сәуірде N 528 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 8/1514 қаулысымен

Ескерту: Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 8/1514 қаулысымен.

Тұрмыстық қатты қалдықтардың жинақталуының есебін реттеу, жинайтын арнаулы машиналардың, кәсіпорындардың жабдықтары мен қуаттарының, қалдықтарды залалсыздандыратын және қайта өңдейтін құрылғылардың қажеттілігін анықтау мақсатында, жылына бір адамға есептегенде тұрмыстық қатты қалдықтардың жинақталуын анықтайтын жұмыс тобының материалдарын қарап, Алматы қалалық Әкімшілігі **қаулы етеді** :

1. Жылына бір адамға есептегенде тұрмыстық қатты қалдықтардың жинақталу мөлшері белгіленсін:

1) көп қабатты жайлы тұрғын үйлерде, аула сыпырындыларын қоса есептегенде - 1,2 текше метр.

2) Ішінара жайлы тұрғын үйлерде және аз қабатты үйлерде жинақталу мөлшері бұрынғы күйінде, тиісінше 1,2 текше метр және 2,0 текше метр болып қалдырылсын.

Тұрмыстық қатты қалдықтардың осы мөлшерін белгілеу халықтың қалдықтарды жинауына шек қоймайды.

2. Халық депутаттары Алматы қалалық Кеңесі атқару комитетінің 1983 жылғы 19 қаңтардағы "Бір адамға есептегенде тұрмыстық қатты қалдықтарды жинақтауының уақытша мөлшерін бекіту туралы" N 1/26 шешімінің, Алматы қалалық Әкімшілігінің "Алматы қалалық Әкімшілігінің 2001 жылғы 02 шілдедегі "Бір адамға есептегенде тұрмыстық қатты қалдықтарды жинақтау мөлшерін бекіту туралы" N 1/43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысының және Алматы қалалық Әкімшілігінің 2002 жылғы 04 қаңтардағы "Алматы қалалық Әкімшілігінің 2001 жылғы 02 шілдедегі "Бір адамға есептегенде тұрмыстық қатты қалдықтардың жинақталу мөлшерін бекіту туралы" N 1/43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 1/04 қаулысының күші жойылды деп саналсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары
©Ч.Е.Жаңбыршинге жүктелсін.

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң

Әкімі

Ә к і м ш і л і к

хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК